

Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1358 қаулысы

Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасында қалыптасқан күрделі экономикалық және қаржылық ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2013 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен айырбасталатын күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша 200000 (екі жүз мың) АҚШ долларына баламалы

қ а р а ж а т

б ө л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты арнайы банктік шотқа аударуды қамтамасыз етсін:

Account Name:

Deputy Secretary to Treasury

Account Number:

4 2 0 1

Swift Code:

CBCELK LXXXX

Beneficiary: Central Bank of Sri Lanka

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов